

Дәріс №5

Тақырыбы: Үйсіндер, қоныстану аймағы, әскери-саяси құрылымы, шаруашылығы, археологиялық ескерткіштер.

Дәрістің мақсаты: Студенттер «үйсін» атауы, олардың шығу тегі мен мемлекеттің территориясы, саяси тарихы мен мәдениеті туралы біледі; үйсіндер туралы жазба және археологиялық деректерді саралай алады; әскери-саяси құрылымын бір-бірінен ажырата алады; тарихи және археологиялық карталардан үйсіндердің территориясын және археологиялық ескерткіштерін жақсы бағамдауға дағдыланады.

Мазмұны: 1. Жазба деректер мен тарихи еңбектерде «үйсін» этнониміне берілген түсініктеме. 2. Үйсіндердің шығу тегі мәселесі. 3. Үйсіндердің аумағы. 4. Үйсіндердің мемлекеті, әскери-саяси ұйымдасуы.

Жазба деректер мен тарихи еңбектерде «үйсін» этнониміне берілген түсініктеме.

Усунь – «ah – smen» деген белгілердің қазіргі кездегі дыбысталуы. Асман – иран тілінде «аспан» дегенді білдіреді. Жылнамада сақталған және бұл терминнің қытай аудармасы да сақталған. Б.з.д. 107 жылы Хань императоры Усунь елінің билеушісіне әйелдікке қызын жібереді. Ол өте жас болған, ал билеуші қарт еді. Олар жылына бір-екі рет қана кәріскен, ханшайым еріккеннен өлең шығарған. Өлең сөзі: «Мені туыстарым Аспан еліне тұрмысқа берді» деп басталған (Бань гу, 966 тарауы, 1167 бет). Сонымен қатар усунь аттарын Қытайда аспан аттары деп атауы да тегін емес (тянь ма) (Сыма Цянь, 123 тарауы, 1142 бет).

“Үйсін” термині

Усунь – «ah – smen» деген белгілердің қазіргі кездегі дыбысталуы.

Асман – иран тілінде «аспан» дегенді білдіреді.

Жылнамада сақталған және бұл терминнің қытай аудармасында да бар.

П.Даффина «у-сунь» этимологиясын «Қарға ұрпақтары» деген мағынаны білдіреді деген. Бұл жерде қарға мифологиялық тұрғыдан өте маңызды кейіпкер.

Ежелгі Үндістанда Қарға Гаруд-Қыранның үлкен ағасы есептелген.

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

П.Даффина «у-сунь» этимологиясын «Қарға ұрпақтары» деген мағынаны білдіреді деген. Бұл жерде қарға мифологиялық тұрғыдан өте маңызды кейіпкер. Ежелгі Үндістанда Қарға Гаруд-Қыранның үлкен ағасы есептелген. Оның тарихы былайша өрбіген. Құдайдың (аты өр түрлі аталады)

күрсағында екі балапан құс дамып жатты. Ол кезде мөңгілік түн болды, ал күн енді ғана қалыптаспақшы еді. Екі балапан құстың бірі құдайдан оның күрсағынан шыққан кезде маған күн сәулесінің арайын кәруді бұйыртшы деп қатты ғтінді және дүниеге келуіне елі де мың жыл қалса да құрсақтан тез шығаруын ғтінді. Құдай оның ғтінішін орындады. Шала дамыған балапан құс құрсақтан ұшып шыққан кезде жана ғана атқан күннің арайы оның кәлеңкесімен қызыл болып шағылысты. Оны осылайша атады: Аруна, бұл Қызыл дегенді білдіреді. Бұл қарға еді. Ол таңғы арайдың нышаны, белгісі болды. Мың жылдан соң келесі балапан құс дүниеге келді. Ол бірден қанды ас іздеуге шықты. Ол қыран болды, оған Гаруда деген ат берді. Ол барлық құстардың патшасы болды.

Ежелгі Қытайда У немесе Чи-у Қарғасы («Қызыл Қарға») күннің туындысы еді. Ежелгі мифке сәйкес бір кездері аспанда он күн болған, және жерде қатты ыстық болған. Одан құтылу үшін Аңшыны шақырады. Аңшы Хоу-и алаңға шығып, садақты тартып аспанға қарай атады. Кенет отты шар жарылып, айналасына алтын қауырсындарды шаша отырып жерге қарай бір нәрсе құлады. Адамдар жақындап келсе жебе кірген Алып Қарғаны кәреді. Бұл күннің бірі еді.

Үйсін терминінің транскрипциясы

Қазір үйсін деп айтылатын екі иероглиф ертедегі қытай тілінде *асман*, яғни *асман*, «*аспан*» делініп айтылған деп жорамалданады.

Бұл айтылғандарды үйсінн гуньмосына күйеуге берілген қытай ханшасының хатындағы: «*Менің үйім мені... Аспан Еліне... күйеуге берді*» деген сөздер растауы мүмкін.

Бұл тұрғыдан алғанда, «*көк тіреген таулар*» дегенді білдіретін тяньшань деген сөздің өзі де жергілікті атаудың аудармасы сияқты екенін атап өту маңызды.

Активация Windows
Чтобы активировать Wind
раздел "Параметры"

Сонымен қатар қытай жылнамашысы кәк бәрі мен қарға туралы аңыз мазмұнын баяндайды. Шапқыншылық кезінде юечжилер Нанди биді ғлтіріп, оның кенже ұлы Елжауды тірідей шәп арасына тастап кетеді. Бұл оқиға «Хань еулеті кітабының» 61 тарауында былайша жазылған: «тап осы кезде дүниеге келген сәбиді (болашақ Елжауды – күн биді) қалың қау ішіне апарып жасырады. Балаға талшық қылатын тамақ іздеп кеткен тәрбиешісі Бәже оңқа қайтып келсе, бір кәк бәрінің сәбиге емшегін беріп, емізіп тұрғанын кәреді, олардың үстінде тұмсығына ет тістеп бір құс (қарға) қалықтап ұшып, тұрып алады. Мұны кәрген оңқа сәбиді «Кұдыретті бала» деп атап, оны кәтеріп хұндар билеушісіне алып барады. Хұндар кәсемі балаға тәрбие беріп, ер жеткізеді».

Ол кезде юечжилер Гансу маңында (Тибет пен Моңғолия аралығы), ал үйсіндер солармен қатар, тәңір тауларының (Тянь-Шань) солтүстік қапталында, хұндар елінің батыс жағында өмір сүрген.

Үйсіндердің шығу тегі мәселесі.

Шығу тегіне келер болсақ, мұнда ғалымдарың пікірлері түрліше: басым көпшілігі үйсіндерді иран тілдес, келесілері – түркі тілдес халық деп есептейді. «Қазақстан тарихының» авторлары, шығыстанушылардың көбі үйсіндерді түркі тілдес халыққа жатқызған А.Ремюзаның көзқарасын қолдаған қазақстандық зерттеуші Ю.А. Зуевтің болжамына сүйенеді. Ермұхановтың пікірінше, мұндай олардың хабарламалары нақты екі қателіктерден тұрады. Біріншіден, француз ғалымы Абель Ремюза үйсіндерді түркі тілдес халықтарға жатқызбайды, қайта Ремюза мен Клапрот үйсіндерді арийлер деп есептеген, ал Радлов пен Аристов – түркі тілдес деп есептеген. Екіншіден, олар Зуевтің көзқарасына жалпылама сипаттама берген. Ал Зуев болса үзілді-кесілді көзқараста болмаған, ол қытай деректері өздерінің құндылығына қарамастан, үйсіндердің тілі туралы мәселеге нақты жауап бермейді деп көрсете отырып, мынадай қорытынды жасайды: «Үйсіндеріне (титулдарына), атауларына және географиялық атауларына жасалған лингвистикалық анализ үйсін тайпалық одағының барлық құрамы болмаса да, сөзсіз үстем етуші тайпалардың түркі тілдес болғандығын көрсетеді».

Үйсіндердің шығу тегі мәселесі

Шығу тегіне келер болсақ, мұнда ғалымдарың пікірлері түрліше: басым көпшілігі *үйсіндерді иран тілдес*, келесілері – *түркі тілдес халық* деп есептейді.

Қытайлық тарихшы, профессор *Су Бэйхай* XIX ғасырдың белгілі тарихшысы *Хэ Цютаоға* сүйеніп, «қазақ» және «үйсін» этнонимдерін – синонимдер деп көрсеткен.

Ол Түргеш қағанаты біздің халқымыздың кең территориясында құрылған тұңғыш қазақ хандығы екендігін; *қазақ халқының генезисін*, қазақ халқын қалыптастыруда маңызды рольді Хань кезеңіндегі *үйсіндер* деп көрсетті; ол қазақ халқы барлығы көрсеткендей *XV ғасырда* емес, *б.з.д. II ғасырда* қалыптасқандығын жан-жақты дәлелдеп шықты».

Активация Windows
Чтобы активировать Windows,
перейдите в раздел "Параметры".

Ермұқановтың пікірінше, үйсіндердің қазақ халқының этногенезіндегі рөлі асыра дәріптелген. Мәселен, қытайлық тарихшы, профессор Су Бэйхай XIX ғасырдың белгілі тарихшысы Хэ Цютаоға сүйеніп, «қазақ» және «үйсін» этнонимдерін – синонимдер деп көрсеткен. Хэ Цютао еңбегіне сілтеме жасалған Су Бэйхайдың еңбегінде немесе оның қазақша аудармасында үлкен

кателік жіберілген. Хэ Цютао 1851 жылы жариялаған езінің «Шофан-бэйчен» еңбегінде қазақтар мен үйсіндердің емес, қазақтар мен қаңлылардың туыстығын айтқан болатын. Қазақтарды – касакэ деп атай отырып, ол: «Канцзюйдің (Кангюйдің) батыс шекаралары касакэнің қазіргі территориясын қамтиды. Қазақ елі ежелгі Кангюй жері. Сондықтан кангюйлердің сақталған дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа тарап, қазақтардыкіне айналды».

Су Бэйхайдың пікірі және ол бойынша аудармада жасалған қорытынды таң қаларлық: «Автордың (яғни, Су Бэйхайдың) қазақ халқының этникалық тарихына қатысты кезқарасы талқылауды қажет етпейтін фактілерге негізделген. Бұл бағытта ол тоғыз жаңалық ашты: ол Түргеш қағанаты біздің халқымыздың кең территориясында құрылған тұңғыш қазақ хандығы екендігін; қазақ халқының генезисін, қазақ халқын қалыптастыруда маңызды рольді Хань кезеңіндегі үйсіндер деп көрсетті; ол қазақ халқы барлығы көрсеткендей ХҮ ғасырда емес, б.з.д. II ғасырда қалыптасқандығын жан-жақты дәлелдеп шықты ... т.б.». Түргеш қағанатының бүкіл Қазақстан территориясын біріктірмегендігін, ол өз құрамына тек Жетісу мен Шығыс Қазақстанның бір бөлігін қосқандығын, қазақ халқы қалыптасқанға дейін мың жыл бұрын жоғалған үйсіндердің қазақ этногенезін таратуы мүмкін еместігін ескерсек, жоғарыдағы қорытындылар қисынсыз.

Б.з. V ғасырынан соң, үйсіндер Жетісудан мүлдем кеткеннен кейін, қытай деректері олар туралы ешқандай мәліметтер бермейді. Тек «Ляошиде» 938 жылы тугухунь, үйсін және мохэ тайпалары Ляо Үйіне салық төлеу үшін келгендігі айтылады. Тіпті мұндай үйсіндер туралы мәліметтің өзі анахронизм. Өйткені бұл кезде олардың мемлекеті түгелі этностың өзі де жоқ еді.

Ғылымда үйсіндерді еуропаидтықтарға жатқызу бірқалыпты пікір қалыптасқан. Осылайша, қазақстандық археологтар мен антропологтар краниологиялық зерттеу мәліметтеріне сүйене отырып, Іле аңғарындағы үйсіндер ескерткіштерінде анықталған бас сүйектердің 82% еуропаидтық расаға, тек 17% ғана монғолоидтық расаға жатқызылған. Мамандар Жетісу мен Тянь-Шаньді мекен еткен халықтардың негізгі тобын үйсін кезеңінде жергілікті сақ тайпалары құраған деп есептейді. Сонымен қатар, үйсін тайпалық одағы сақтар, үйсіндер мен юэчжейлер тайпаларынан құралғандығын атап көрсетеді. Бұған қоса олардың еуропаидтық расадан және этникалық құрамы сақ тайпаларынан тарайтындығы жөніндегі мәліметтер қытайлық «Бэйши», «Ханьшу» деректерін де кездеседі. Мәселен, «Бэйшиде» Гаочаннан (Дунь-хуаннан батысқа қарай орналасқан шағын иелік) батысқа қарай халық батыңқы көзді, ұзын мұрынды екені, тек Хотандағылардың (Шығыс Түркістандағы қала) бет елпеті жағынан хуларға (батыс жерлердің халқы) ұқсамайтындығы, олардың қытайлықтарға көбірек ұқсайтыны аталған. Бұл сипаттамалар Гаочанды мекендеушілер еуропаидтықтар, Хотанды мекендеушілер монғолоидтықтар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ал «Ханьшуда» Үлкен юэчжейлердің сақтарды Жетісудан қуып шыққандығын, ал Үлкен юэчжейлерді үйсіндер

батысқа ығыстырғандығын, батысқа ығысқан юэчжейлер Бактрияны басып алғандығын айта келе, «Сондықтан үйсін халқы сақтардан да, Үлкен юэчжейлерден де тұрған» делінген.

Үйсіндердің аумағы.



Б.з.д. 176 жылы Модэ шаньюден жеңіліс тапқан юэчжейлер, б.з.д. 174 жылы Шығыс Тянь-Шаньнің солтүстік сілеміне, үйсіндер тұрып жатқан жерге қашып барып, сол жердегі үйсіндермен соғыста Ненді биді ұлтіреді. Юэчжейлерден жеңіліс тапқан үйсіндер һүн қол астына қашып барады. Һүн теңірқұты (Модэ ұлы Лаошан немес Лаужаң) үйсін күнмуы Ненді бидің ұлы Елжау биді асырап, ер жеткізіп, үйсін халқын оның ғез билігіне беріп, екесінің тағына отырғызды. Екесінің кегін қайтармақ мақсатпен Елжау би (һүн теңірқұты Модэнің ұлы Лаужаң кезінде) Іле ғезенін мекен еткен иозылерге қарсы соғысқа аттанып, жеңіске жетеді. Іле ғезені бойындағы ұлы иозылердің бір бөлігі батысқа қарай ығысып, Бактрия жеріне қоныс аударады. Енді бір бөлігі ғез орынына, Іле алқабында қалып, үйсін ұлысына қосылып кетеді. Ұлы иозылерді жеңіп, Іле алқабы мен Ыстықкөл айналысындағы шұрайлы да құнарлы қонысты жаулап алудың жөне бұл өңірде қалған сақ тайпалары мен Ұлы иозы тайпаларын қосып алудың зор жеңісі үйсін елінің күш-қуаты мен мемлекеттік беделін мейлінше арттырады. Осы кезде һұндардың Лаушаң теңірқұты қаза болып, һүн билеушілері арасында алауыздық туып, ғезара қырқысады. Бұл орайды пайдаланған үйсін күнмуы һұндардың ордасына бағынышты болудан бас тартады. Һүн билеушілері ескер тартып үйсіндерге шабуыл жасайды. Олар жеңіске жете алмай, бойын аулақ салуға межбүр болады.

Үйсін ұлысы Іле ғезені өңіріне келіп орныққан соң, өркен жайып гүлденеді де, қуатты мемлекет құрайды. Территориясы: батыста Шу, Талас ғезендеріне, шығыста Тянь-Шань тауларының шығыс сілеміне, солтүстікте Балқаш көлінен бастап, оңтүстікте Ыстық көлдің оңтүстік жағалауына дейінгі ұлан-байтақ өңірді қамтиды. Осы территориядағы үйсін елі шығыста һұндармен, солтүстікте қаңлылармен, батыста дауандармен, оңтүстікте

Тарым ойпатындағы қалалармен шекаралас болады. Астанасы Чигучен (Іле алқабындағы Қызылаңғар) қаласы.

Үйсіндердің мемлекеті, әскери-саяси ұйымдасуы.

Ең жоғарғы билеушісі күнму (күнби) д.а. Күнби өзі тағайындаған әскери-әкімшілік ұлықтар арқылы бүкіл мемлекетті меңгеріп отырады. Сонымен қатар дулы үйсін елінің әкімшілік бастығы, оңқа (оңқы) ел ішіндегі ру-тайпа басшысы, елдегі қарулы күшті меңгерген қолбасы, қолбасшының көмекшісі дарту т.б. секілді лауазымдар болған. Үйсін мемлекетінде 120 мың түгін, 630 мың адам, 188 мың сайлауыт әскер болды.

Үйсіндердің мемлекеті, әскери-саяси ұйымдасуы.

Ең жоғарғы билеушісі *күнму (күнби)* д.а. Күнби өзі тағайындаған әскери-әкімшілік *ұлықтар* арқылы бүкіл мемлекетті меңгеріп отырады.

Сонымен қатар *дулы* үйсін елінің әкімшілік бастығы, *оңқа (оңқы)* ел ішіндегі ру-тайпа басшысы, елдегі қарулы күшті меңгерген қолбасы, қолбасшының көмекшісі дарту т.б. секілді лауазымдар болған.

Үйсін мемлекетінде *120 мың* түгін, *630 мың* адам, *188 мың* сауыт әскер болды.



Б.з.д. 115 жылы Чжан Цянь императордың Гуньмоны ғұндарға қарсы Қытайға одақтас қылдыру тапсырмасымен үйсін еліне келеді. Б.з.д. 107 жылы Гуньмодан қалың мал ретінде 1000 жылқы алған Қытай императоры Ву-ди Гянь князінің қызы Си-гяньді (Гянь-дун-ван) оған әйелдікке береді. Дегенмен, Гуньмоның шаныюден алған әйелін бейбіше, қытайдан алған әйелін тоқал етуіне қарағанда, үйсіндер елі де ғұн ықпалында болса керек.

Б.з.б. 53 жылдары үйсін тайпасы ішінде үлкен алауыздықтар мен таққа таласу басталады. Күнбидің қытай әйелінен туған балалары мен хун әйелінен туған балалары арасында жаулық ыршып, ғзді-ғзі соғысады. Соның салдарынан үйсін тайпасының оңтүстігі ғңірлері қытай әйелінен туған балаларының билігіне, ал терістігі хун әйелінен туған балаларының билігіне ғтеді. Б.з.б. 44 жылдың екінші жартысында жасаған шабуылында хундар мен қаңлы тайпалары үйсіндердің астанасы болған Цегу қаласын басып алады. Халқын тонап, малын олжалайды. Сонымен үйсіндердің батыстағы мың шақырымдай жер құлазып бос қалады.

Сақ дәуірінде болған малға, еңбек құралдарына және тұрмыс бұйымдарына деген *жеке меншік* үйсіндерде де кең қанат жайды. Қоғамның билеуші және *бағынышты топтарға бөлінуі* мейлінше айқын байқалды. Қоғам ру ақсүйектері мен тәуелді ұсақ өндірушілер, *жартылай тәуелді құлдарға* бөлінді. Жерді жеке иеленумен қатар *иерархиялық иелену түрі* де дамыды (*рулық, тайпалық, қауымдық*).

